

Аңыздың ақыры...

немесе

Ақселеумен қоштасу

Біз бір заманның төлі едік... Менен төрт-бес жастай кішілігі болса да, Ақселеудің кісілігі қашанда жоғары болатын. Сайын сахараның сары белі Жаңаарқа өңірінде дүниеге келген Ақселеу ұлы даланың дегдар қасиетін түйсігіне түйіп, жүрегіне жиып өскен азамат еді. Көшелі сөз, көсем ой айту оның бойына ананың сүті, туған жердің құтымен дарыған қасиеттей көрінеді маған. Өзінің осынау саналы ғұмырында туған халқына қаншама рухани құндылықтар қалдырды. Ән мен күйдің тарихын баяндағанда көкірегі күмбірлеп, кешегі абыздардай толғанатын... Ақселеу жасаған қазақтың төл шежіресі әр қазақтың төрінен орын алды. Ғылым мен білім саласында қыруар еңбек етіп, қазақтың ауызша тарихын «төлтума ұлттық сипатта» жазып шықты. «Көшпелілер мәдениеті», «Көшпелілер өркениеті» деген ұғымдарды қазақ ғылымында қалыптастырған да осы Ақселеу еді. Қазақтың мәдениеті мен ғылымында этнографиялық, этнологиялық ізденістердің дені Ақселеу еңбегінің еншісіне жатады. Оның бойынан әдебиетші, тарихшы, аудармашы, өнертанушы, ғалым, шежіреші, зергер, саятшылық сияқты қасиеттердің барлығы жарқырай көрінді. Әрі осы қасиеттерін туған халқына тағылымдық-тәрбиелік тұрғыдан кеңінен насихаттай білді. Отызға тарта кітаптары жарық көріп, артында мол мұра қалды.

Десек те, осынау аяулы да ардақты азамат өмірден өтті дегенге еш сенгім келмейді. Көсем ойы кемеріне келіп, көкжиек танымы толысқан шағында бақилыққа аттанды. Туған халқына нағыз абыздарша көшелі сөз айтатын жасында арсыз ажал арамыздан алып кетті. Оның ғұмыры аңыз, сөздері абыз еді... Ақселеу бейнесі алты алашқа аңыз айтып отырған абызақсақалды елестетеді. Енді сол Ақселеу ортамызда жоқ.

Жүректі жаншыған қайғыны уақыт шіркін жазар ма екен? Не дейін асыл дос, абзал азамат.

Жаның жәнатта, рухың пейіште болсын, Ақселеу!

Темірғали КӨКЕТАЕВ,
профессор.